



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2023 жылғы 15 қыркүйектегі № ДС-322

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Абай атындағы гуманитарлық, О. Жәутіков атындағы ІТ, Қ. Сәтбаев атындағы техникалық мектептер желісіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында¹ (бұдан әрі – тұжырымдама) білім алушылардың зияткерлік әлеуетін дамытуға және болашақ мамандығын таңдауға ықпал ететін бірыңғай мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламасын іске асыратын желілік мектептер құру қарастырылған (бұдан әрі – желілік мектептер).

«Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2023-2027 жылдары барлық өңірлерде желілік мектептерді ашу жоспарланған. Бұл әртүрлі бағыттардағы жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық, инженерлік, ІТ желілік мектептер бейінді бағыттардағы мектептер қатарын толтыратын болады.

Бүгінгі таңда Абай атындағы желілік мектептер 12 өңірде жұмыс істейді. 2027 жылға дейін қалған 8 өңірде ашылады. Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған мектеп-интернат «Абай мектептері» желісі үшін базалық әдістемелік орталық болып белгіленді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2018 жылдан бастап республикада ІТ-мектептер ашыла бастады. ІТ-мектептердің ерекшелігі – білім алушыларды ақпараттық технологиялар саласына ерте бейімдеу, мамандандыру, робототехника мен бағдарламалауды, 3D модельдеуді және т.б. тереңдетіп оқыту.

¹ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

Оқу-ағарту министрлігі жұмыс істеп тұрған ІТ-мектептер базасында О. Жәутіков атындағы мамандандырылған ІТ мектептерін ашуды және инженерлік-техникалық бағытты тереңдетіп оқытатын (*физика, математика, информатика, химия және географияны тереңдетіп оқыту*) Қ. Сәтбаев атындағы мектептер желісін құруды жоспарлауда.

Сонымен қатар ауылдардағы білім беру сапасын арттыру үшін бір-біріне жақын орналасқан бір немесе бірнеше елді мекен аумағындағы ресурстарды желілік өзара шоғырландырып, олар тәжірибе алмаса отырып, білім беру округын құру арқылы бірнеше білім беру ұйымының мүмкіндіктерін пайдаланатын болады. Нәтижесінде білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасып, оқушылардың білім сапасының арттыруы үшін барлық қол жетімді ресурстар пайдаланылатын болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық еткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы аясында «желілік мектептер» ұғымы енгізілуде.

Аталған заң жобасы күшіне енген соң желілік мектептер білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына² енгізіліп, олардың қызметінің үлгілік қағидалары³, үлгілік оқу жоспарлары⁴ мен үлгілік оқу бағдарламалары⁵ бекітіліп, инфрақұрылымдық дамыту мәселелері қарастырылатын болады.

Аталған білім беру ұйымдарына оқуға халықтың әлеуметтік осал топтарындағы білім алушыларды қабылдау мәселесі негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларында⁶ қарастырылған.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде желілік мектептерді ашу және оларды дамыту білім беруді дамыту тұжырымдамасына енгізілгенін ескере отырып, арнайы бағдарлама әзірлеу қажет емес деп санаймыз.

Жалпы бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Т. Дүйсенова

Орынд. Н.Е.Абдрахимов
Тел: 74-54-10

² Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығы.

³ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

⁴ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы.

⁵ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.

⁶ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы.